Басқарма: Бозымбаев Қанат Алдабергенұлы (Төраға), Сәтқалиев Алмасадам Майданұлы, Әбітаев Есберген Әбітайұлы, Тұрғанов Дүйсенбай Нұрбайұлы, Осоченко Владимир Григорьевич, Оспанов Серік Кеңесбекұлы, Байжанова Надежда Евгеньевна, Сәлімжуаров Ғани Ғалиоллаұлы.

10) «Мехэнергострой» ЖШС

Қызмет түрі - жобалық-сметалық құжаттаманы әзірлеу, 10-1150 кВ-тық ӘЖ-н, реакторларды, күштемелі трансформаторларды, ажыратқыштар мен басқа да жоғары вольттық жабдықтарды монтаждау, баптау, қайта құру және жөндеу, қосалқы станцияларды жаңғырту.

Директор – Ибраев Секен Бейімбетұлы 1960 ж.т.

11) «Мехэнергострой» ЖШС-нің жалғыз қатысушысы - Бариев Сәбет Шаяхметұлы, 1954 ж.т.

22. Қоғамның үлестес тұлғалармен мәмілелері

Қоғам үлестес тұлғаларымен мәмілелер жасаспаған.

4. ЭМИТЕНТ ҚЫЗМЕТІНІҢ СИПАТТАМАСЫ

23. Эмитенттің қызметіндегі жалпы үрдістердің, соның ішінде эмитенттің жалпы қызмет түрлері бойынша сипаттама

2005 жылдың қаңтар-қарашасында Қазақстанның экономикасы жоғары қарқынмен дамыды. Экономиканың негізгі даму үрдістері мыналар: тауарлар өндірісі мен қызметтерді ұлғайту; тұтыну рыногындағы бағалар мен теңгенің негізгі валютаға телінген бағамының күрт тербелуінің болмауы; сауда және төлем балансының оң сальдосы.

Экономиканың жоғары қарқынын сақтауға мүмкіндік беретін негізгі жәйттер: экономикадағы негізгі капиталға едәуір инвестиция көлемдерін тартуға мүмкіндік жасайтын қолайлы инвестициялық ахуал және тікелей инвестициялар; әлемдік тауар рыноктарындағы қолайлы жағдаят; құрылыстағы жоғары қарқындар; жылжымайтын мүлікке, соның ішінде тұрғын үй рыногындағы сұраныстың кеңеюі; тұтыну рыногында сұраныстың сақталуы; несиелік рыноктың серпінді дамуы.

Негізгі әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштер

Атауы	Өлшем бірлігі	2005 ж. қаңтар-қарашасы	Алдыңғы жылдың тиісті кезеңіне %
Өнеркәсіп өнімінің (тауарлардың, қызметтердің) көлемі	млрд. теңге	4 634.6	104.2%
Ауыл шаруашылығының жалпы өнім көлемі	млрд. теңге	721.3	107.2%
Бөлшек сауда тауар айналымы барлық сатып-өткізу арналары бойынша	млрд. теңге	1 181.6	112.3%
Экспорт	млн. АҚШ долл.	22 720.2	144.8%
Импорт	млн. АҚШ долл.	14 041.1	137.1%
Негізгі капиталға инвестициялар	млрд. теңге	1 864	122.6%
Тұтыну бағаларының индексі			107.6%
Орташа есеппен жан басына шаққандағы ақшалай кіріс (бағалау) *	теңге	148 354.0	118.8%
Бір еңбеккердің орташа айлық атаулы жалақысы *	теңге	32 568	118.2%

* - тиісті жылдың қаңтар-қазаны үшін

Қазақстан Республикасының Статистика жөніндегі агенттігінің бағалауы бойынша ағымдағы жылдың қаңтар-қарашасында былтырғы жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда өнеркәсіп өндірісінің қарқыны 4,2 %-ды құрайды. Ағымдағы жылдың аталған кезеңі ішінде өнеркәсіп өнімін өндірудің қолданыстағы бағалардағы көлемі 4 634 568 млн. теңгені құрады, соның ішінде электр энергиясының өндірілуі мен тарқатылуы 163 447 млн. теңге, бұл өнеркәсіп өнімінің жалпы көлемінен 3,5%-ды құрайды. Былтырғы жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда 2005 жылдың қаңтар-қарашасында электр энергиясының өндірілуі мен тарқатылу көлемі 2,9%-ға артты. Экономиканың одан әргі өсуі мен дамуы үшін үздіксіз электр энергиясымен қамтамасыз ету көздері қажет. Өнеркәсіптің, ауыл шаруашылығының, көлік пен байланыстың, тұрғын үй құрылысының өркендеуі бір мезгілде электр энергиясының өндірілуі мен тұтынылуының ары қарайғы өсуіне алғышарт жасай отырып, тікелей электр энергетика саласының дамуына тәуелді.

Қазақстан Республикасының 2030 ж. дейінгі Даму стратегиясына және 2015 ж. Индустриалдық-инновациялық даму стратегиясына сәйкес республиканың және тиісінше оның өңірлерінің одан әргі әлеуметтік-экономикалық өркендеуі үшін электр энергиясымен қамтамасыз етілуі басым бағыттар мен жалпы ұлттық сипаттағы ең маңызды міндеттердің бірі болып табылады.

Қазақстанда электр энергиясын ең көп тұтыну көршілес республикалардан жеткерулер ескеріле отырып 1990 жылға дөп келді және станциялардың өзіндік тұтынуы мен ысыраптарын қоса шамамен 100 млрд. кВт/с-ты құрады. Ары қарайғы электр энергиясын тұтынудың азаюы негізінен үлесі электр энергиясын жалпы тұтыну көлемінің шамамен 75 %-н құрайтын өнеркәсіп өндірісінің құлдырау есебінен болды. Қазақстан Республикасының Біртұтас электр энергетикалық жүйесін 2010ж. дейінгі кезеңге, жаңа қуаттарды енгізуімен 2015 ж. дейінгі келешекке дамыту бағдарламасына сай елімізде электр энергиясының өндірісі 2010 ж. – 87 млрд. кВт/с-ты, 2015 ж. - 102 млрд. кВт/с-ты құрайды.

ҚР-да электр энергиясын өндіру мен тұтыну

	1990	1995	2000	2005	2010
Өндіру, млрд. кВт/с	83	63,2	51,4	67,1	80,36
Тұтыну, млрд. кВт/с	100,4	70,6	54,4	65,6	78,0
-импорт/ +экспорт, млрд. кВт/с	-17,4	-7,4	-3,0	+1,5	+2,36

Осы мұқтаждықтарды энергोकәсіпорындардағы жабдықтардың жай-күйі мен қайта құру жұмыстарының қажетті көлемдері ескеріле отырып жабу үшін Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі келесі инвестиция көлемдерін айқындады:

Инвестициялар көлемі

млн.

АҚШ доллары

	2010 жылға дейін	2010 – 2015 ж.
ҚР энергия көздері	430	380
ҚР электржелілік шаруашылығы	980	690
БАРЛЫҒЫ	1410	1070
2005-2015 ж. кезеңдерде барлығы	2480	

Қазақстанның аумағы энергетикаға қатысты үш аймаққа бөлінеді:

- Солтүстік және Орталық аймақ, оған энергия шаруашылықтары жалпы желілерге біріктірілген және Ресеймен дамыған байланысы бар Ақмола, Шығыс Қазақстан, Қарағанды, Қостанай және Павлодар облыстары кіреді;
- Оңтүстік аймақ, оған жалпы электр желілерімен біріктірілген әрі Қырғызстан және Өзбекстанмен дамыған байланысы бар Алматы, Жамбыл, Қызылорда және Оңтүстік Қазақстан облыстары кіреді. 1998 жылы Оңтүстік аймақ Солтүстік аймақпен қатарлас жұмысқа қосылды;
- Батыс аймақ, оған энергия шаруашылықтары Ресеймен электр байланысы бар Ақтөбе, Атырау, Батыс Қазақстан және Маңғыстау облыстары кіреді. Маңғыстау, Атырау және Батыс Қазақстан облыстары жалпы электр желілеріне біріктірілген, Ақтөбе облысының энергия шаруашылықтары оқшауланғандырылған түрде жұмыс істейді.

Қазақстан Республикасының негізгі электр энергетикасы арзан Екібастұз көміріне негізделген көмірлі электр энергетика болып табылады. Көмір өнеркәсібі мен энергетикаға бұрынғы өткен кезеңдерде ірі көлемде күрделі қаржы салынды және оны болашақта дамыту үшін айтарлықтай жұмыстар істелінді. Көмір кен орындары негізінен Солтүстік және Орталық Қазақстанда шоғырланған, мұнда электр энергиясының негізгі көздері орналасқан. Осы аймақтар электр энергиясымен өзін-өзі қамтамасыз еткен және оның артылып қалу ықтималдылығы бар, соған сәйкес ол электр энергиясының ішкі және сыртқы нарықтарына ұсынылуы мүмкін.

Қазақстанның Оңтүстік аймағының жеткілікті бастапқы энергетикалық ресурстары жоқ және оның электр энергетикасы тасып әкелінетін көмір мен импортталған газға негізделеді. Электр энергиясына деген қажеттіліктің бір бөлігі Орталық Азия Республикаларынан берілетін импорттың есебінен жабылады.

Батыс Қазақстан аймағында өздерінің көмірсутекті отыны болғандықтан электр энергиясына қажеттіліктің бір бөлігін Ресейден берілетін импорттың есебінен жабады. Осындай отын ресурстарын игере отырып, болашақта жеке қажеттіліктерін қамтамасыз ету және қажет болған жағдайда экспорттық ресурстар құру мүмкіндігі туындайды.

Қазіргі уақытта Қазақстан электр станцияларының қуат жөнінен жеке қажеттілігін толығымен қамтамасыз етуге қабілетті әлеуетке ие болып отыр, бірақ қалыптасқан желілердің схемалары мен нарықтық конъюнктурлардың күші жөнінен Оңтүстік және Батыс аймақтар электр энергиясы мен қуатын шетелдерден алады. Импорттық электр энергияның жеткізіліміне тәуелді Батыс Қазақстанның облыстары үшін энергетикалық қуаттарды дамыту проблемасы айырықша өзекті мәселе болып қалуда және бұл ретте, газ-энергетикалық қуаттарды дамыту үшін олардың жолай газдан артылып қалған арзан ресурстары бар. Сондықтан жеке ресурстарды экономикалық орынды пайдалануды қамтамасыз ету және Батыс аймақтың энергетикалық тәуелсіздігін қамтамасыз ету мәселелері тұр.

Батыс Қазақстан, оның ішінде Ақтөбе облысы - төлеуге қабілетті және өнеркәсіпке қатысты жылдам дамып келе жатқан мұнай-газды аймақ. Республиканың батыс аймағындағы, оның ішінде Ақтөбе облысындағы отандық ірі компаниялардың электр энергиясына деген қажеттіліктерінің өсуі және осы аймақта электр энергиясы тапшылығының болуы осы аймаққа электр энергиясын жеткізу жөніндегі мәселені шешуді талап етеді. Солтүстік Қазақстанды Ақтөбе облысымен жалғайтын өңіраралық электр жеткізу желілерін салу электр энергиясын аталған аймаққа жеткізу жолдарының бірі болып табылады.

Солтүстік Қазақстанды Ақтөбе облысымен жалғайтын өңіраралық электр жеткізу желілерін салу Ақтөбе облысында электр энергиясының өсіп келе жатқан тапшылығын екібастұздық энергия көздерінен берілетін жеткізілімдер есебінен жабуға мүмкіндік

береді. Қазіргі уақытта Ақтөбе облысы энергиясы тапшы акцепторлық аймақ болып табылады.

2005 жылдың басына Ақтөбе облысындағы 438 елді мекеннің жалпы саны 2291 адамы бар 23 елді мекені электрлендірілмей қалды, негізінен бұл Байғанин ауданының тұрғындары. Қазіргі уақытта Ақтөбе облысының энергиясы артылатын Маңғыстау аймағымен (150 МВт дейін) және Қазақстанның Біртұтас энергетикалық жүйесінің негізгі бөлігімен электр байланысы жоқ. Осыған байланысты, Ақтөбе облысы орташа сағаттық қуаттылығы 137,3 МВт шегіндегі электр қуатының тапшылығын сезініп отыр. Облыстың электр энергиясына деген тапшылығы «Ресей БЭЖ» РАҚ-тың «Оренбургэнерго» энергия жүйесінің жүйеаралық байланыс желілері бойынша 220 кВ ӘЖ екі желісі және 220 кВ кернеумен жұмыс істейтін 500 кВ ӘЖ-нің бір габариті бойынша энергия алу есебінен жабылады.

Болжамды бағалаулар негізінде Ақтөбе облысында 2015 жылға қуаттың тапшылығы 400 МВт-қа дейін өседі, бұл мыналарға байланысты:

- «Қазхром» ТНК АФЗ және КБКД өндірістік қуаттарын - 40 МВт-қа өсіру;
- мыс кенін қайта өңдеу жөніндегі кең байыту фабрикасын салу (Copper Technology Ltd) – 20 МВт, мыс фабрикасын кеңейту және мыс кенішін салу – 30 МВт, мыс байыту зауытын салу – 40 МВт;
- никелді-кобальтты кендерді қайта өңдеу жөніндегі байыту фабрикасын салу («ККМ» ЖШС) – 15 МВт;
- табақты шыны өндірісі бойынша зауыт салу («Интергласс Қазақстан» ЖШС) – 25 МВт;
- құрамында алтын бар кендерді өңдеу жөніндегі байыту фабрикасын салу («Юбилейное» ЖШС) – 6 МВт;
- 3-ші Жаңажол МӨЗ салу – 45 МВт;
- «Хромтау-Алтынсарин» т/ж учаскелерін электрлендіру - 94 МВт және т.б.

Сонымен бірге Солтүстік Қазақстанның электр станцияларында электр энергиясын өндіру жөніндегі қуаттардың айтарлықтай резервтері бар. Бірақ, қазіргі уақытта оны Ақтөбе облысына жеткізу үшін Ресей арқылы транзит қажет, бұл баға қатынасында электр энергиясын соңғы тұтынушылар үшін тіпті қолайсыз болып табылады.

Солтүстік Қазақстанды Ақтөбе облысымен жалғайтын өңіраралық электр жеткізу желісін салу, бұдан басқа Ақтөбе облысының электр қуатына өсіп келе жатқан тапшылық проблемасын шешу тұтынушыларды электрмен жабдықтаудың сенімділігін арттырады және Ақтөбе облысы тұтынушыларының Ресей Федерациясынан берілетін қымбат электр энергиясының жеткізіліміне энергетикалық тәуелділігін төмендетеді.

«Солтүстік Қазақстан – Ақтөбе облысы» электр беру желісі құрылысы аяқталғаннан кейін және жабдықтарды пайдалануға қосқан соң жеткілікті түрде жоғары техникалық-экономикалық және экологиялық көрсеткіштермен сенімді жұмыс істеуі және рентабелді болуы тиіс. «Солтүстік Қазақстан – Ақтөбе облысы» электр беру желісі жұмысының сенімділігі мен оның үнемділігі сенімді, іс жүзінде тексерілген құрастыру схемаларын, озық технологиялар мен осы заманғы жабдықтарды таңдауымен айқындалады.

Бәсекелестік бөлігінде, бүгінгі күні энергетика саласында электр энергиясын өндіруді (энергия өндіруші ұйымдар) және электрмен жабдықтау (энергиямен жабдықтаушы ұйымдар) бәсекелестік салада жүзеге асырылады.

Бүгінде аймақтың энергетикалық кешен Ақтөбе облысының аумағымен біріктірілген төрт электр станцияны білдіреді, олардың болжанылып отырған жиынтықты қуаты 293,1 МВт құрайды:

24. «ТНК»Казхром» АҚ-ның Ақтөбе феррокорытпа зауытының электр станциялары (АФЗ ЭС) - қуаттылығы 135,1 МВт;
25. «Ақтөбе ЖЭО» ЖАҚ - 102 МВт (АЖЭО);
26. «МАЭТ-56» - 32 МВт;
27. «ЖМАЭТ-48» - 24 МВт.

Электр энергиясын беру және бөлу жөніндегі міндеттер табиғи монополия саласына жатқызылды, оның тарифтерін Табиғи монополияны реттеу агенттігі бекітеді.

«Солтүстік Қазақстан – Ақтөбе облысы» электр беру желісін салу қажеттілігі «Солтүстік Қазақстан – Ақтөбе облысы» өңіраралық электр беру желісін салу жобасын іске асыру жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005ж.07.10 №1008 қаулысымен айқындалды.

«Солтүстік Қазақстан – Ақтөбе облысы» өңіраралық электр беру желісін салу» жобасының техникалық-экономикалық негіздемесі «Кәсіпорындарды, ғимараттар мен құрылыстарды салуға арналған жобалау-сметалық құжаттамаларды әзірлеу, келісу және құрамының тәртібі туралы нұсқаулық» А.2.2-1-2001 ҚР Қн және Е, «Кәсіпорындар, ғимараттар мен құрылыстарды салуға инвестициялар негіздемелерін әзірлеу, келісу, бекіту және құрамының тәртібі» 11-101-95 СП, Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің 2004ж.30.09 №144 бұйрығымен бекітілген «Бюджеттік инвестициялық жобалардың (бағдарламалардың) техникалық-экономикалық негіздемесіне қойылатын шарттар» талаптарын есепке ала отырып әзірленді.

Жоғарыда көрсетілген жоба кернеуі 500 кВ «Жітіқара ҚС – Өлке ҚС» өңіраралық электр беру желісін салуды түсіндіреді.

Жасалған есептеулердің нәтижесінде кернеуі 500 кВ «Жітіқара ҚС – Өлке ҚС» өңіраралық электр беру желісі құрылысының құны ағымдағы бағалармен ҚҚС-ты қоса алғанда, 15 692,7 млн. теңгені немесе 116,2 млн. АҚШ долларын (1 АҚШ долларына 135 теңге бағамы бойынша) құрайды.

Жылдар бойынша құрылысты қаржыландыруды бөлу

Атауы	Бірлік өлшемі	2006 ж.	2007 ж.	2008 ж.	Барлығы
500 кВ Жітіқара	мың. \$	1 104	1 687	1 265	4 055
500 кВ Жітіқара – Өлке ӘЖ	мың. \$	9 368	56 919	13 488	79 775.1
500 кВ Өлке ҚС	мың. \$	1 523	10 723	50 77	17 322.8
ҚҚС-сыз құрылыстың сметалық құны	мың. \$	11 994	69 329	19 829	101 153
	мың. \$	1 799	10 399	2 974	15 173
ҚҚС-ны есепке алғандағы құрылыстың сметалық құны	мың. \$	13 794	79 729	22 804	116 326

«Солтүстік Қазақстан – Ақтөбе облысы» электр беру желісін салу және пайдалану Қоғам мен Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі арасында жасасқан Концессиялық келісімге сәйкес жүзеге асырылатын болады.

Электр энергиясын беруге арнап белгіленген инвестициялық тариф есебінен Қоғам пайдалануға және ағымдағы шығындарға арналған қажетті есептеулерді есепке ала отырып, кәсіпорынның белгіленген рентабелділігі есебінен тиісті пайданы құра отырып, қарыз қаражаттарын қайтаруды жүзеге асыра бастайтын болады. «Солтүстік Қазақстан – Ақтөбе облысы» электр беру желісін пайдалану кезеңі аяқталғаннан кейін (2008 жылдың 01 шілдесі мен 2022 жылдың 31 желтоқсаны аралығы бойынша) Қоғам осы объектіні мемлекет меншігіне береді.

24. Зардаптары эмитенттің қызметіне айтарлықтай әсерін тигізуі мүмкін эмитентпен жасасқан келісім-шарттар, келісімдер туралы мәлімет

«Солтүстік Қазақстан – Ақтөбе облысы» өңіраралық электр беру желісін салу мен пайдалану туралы 2005 жылғы 28 желтоқсандағы Концессиялық келісім Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар Министрлігімен .

Жоғарыда көрсетілген 2006 жылғы 09 желтоқсандағы № 2ДП-002 Концессиялық келісім шеңберіндегі кепілгерлік шарт Қазақстан Республикасының Қаржы Министрлігімен.

Инвестициялық преференцияны көздейтін инвестицияны жүзеге асыруға арналған 2005ж.15.12 № 0554-12-2005 келісім-шарт ҚР Индустрия және сауда министрлігінің Инвестициялар комитетімен.

25. Эмитенттің өз қызметін жүзеге асыру үшін құжаттың датасы мен нөмірін, қолданылу мерзімі мен құжатты берген органды көрсете отырып алған лицензиялары, патенттері, рұқсатнамалары туралы мәлімет

Осы проспектының датасына Эмитент патенттер, лицензиялар, рұқсатнамалар алған жоқ.

26. Соңғы екі жыл ішінде немесе нақтылы тіршілік кезеңі ішінде қабылданған жеке немесе сандық өлшем бірліктерінде сатылған өнімдердің (орындалған жұмыстар, қызметтер) көлемі

Қоғам жаңадан құрылған болып табылады. Осы проспектінің датасына Қоғам өнімдерді (орындалған жұмыстар, қызметтер) сату болған жоқ.

27. Эмитенттің қызметінің негізгі түрлері бойынша (жұмыстар және қызметтер) сату табыстылығына оң және теріс әсерін тигізетін факторлар

Қоғамның табысына оң әсерін тигізетін факторларға мыналар жатады:

- Қазақстандағы және көрші мемлекеттердегі тұрақты саяси және экономикалық жағдай;
- Қазақстандағы қазыналық саясаттың тұрақтылығы мен қаржы тәуекелдерін бақылау аспаптарының дамуы;
- энергетикалық сектордың дамуы;
- аймаққа электр энергиясы жеткізілімінің тапшылығы;
- басшылар мен менеджерлердің құзыреттілігі (жобалау-сметалық құжаттамаларды әзірлеумен, 10-1150 кВ ЭЖ, реакторларды, күштемелі трансформаторларды, ажыратқыштарды және басқа жоғары вольттық жабдықтарды монтаждаумен, баптаумен, қайта құрумен және жөндеумен, қосалқы станцияларды жаңғыртумен айналысатын жоғары білікті мамандардан тұратын ұжым.).

Қоғамның табысына теріс әсерін тигізетін факторларға мыналар жатады:

- Қоғамның негізгі қызметіне байланысты операциялық шығыстарды жоспарламай өсіру мүмкіндігі;
- Ресейден берілетін электр энергиясының импортық құнын төмендету тәуекелділігі, бұл электр энергиясын беруге арналған инвестициялық тарифты төмендетуге алып келуі мүмкін;

- аймақтың географиялық ерекшеліктерге, оның ішінде табиғи зілзалалардың жоғары қауіптілігіне, жердің қашықтығына және/немесе бару қиындығына байланысты көлік қатынастарының тоқтап қалуы мүмкіндігіне байланысты тәуекелдер аз болады, өйткені құрылыс жобасын іске асыру осындай тәуекелдерге аз ұшырайтын солтүстік-батыс аймақта жүзеге асырылады.

28. Эмитенттің өзінің өнімдерін (жұмыстар, қызметтер) сатуды ұйымдастыру жөніндегі қызметі

Қоғам жаңадан құрылған болып табылады. Қоғамның негізгі операциялық қызметі осы проспектінің датасына облигациялар шығаруды жүзеге асырған жоқ.

29. Эмитенттің қызметіне әсерін тигізетін негізгі факторлар:

1) эмитент қызметінің маусымдылығы, маусымдық сипатқа ие эмитент қызметінің түрлері және олардың эмитенттің жалпы табысындағы үлесі Электр энергиясын тұтыну маусымдық іркілістерге айтарлықтай ұшырамайды.

2) эмитентке жеткізілетін (көрсетілетін) шикізаттың (жұмыстар, қызметтер) жалпы көлемінде импорттың үлесі және эмитенттің жалпы сатылатын өнімдердің көлемінде экспортқа сататын өнімдерінің (жұмыстар, қызметтер) үлесі

Қоғам жаңадан құрылған болып табылады. Қоғамның негізгі операциялық қызметі осы проспектінің датасына облигациялар шығаруды жүзеге асырған жоқ.

3) жасалуға (жасалған) тиісті (тиісті) немесе облигациялар шығару туралы шешім қабылданған күннен бастап алты айдың ішінде орындалған (орындалған) мәміле (мәмілелер) туралы мәлімет, егер осы мәміленің (мәмілелердің) осы сомасы эмитент активтерінің баланстық құнының он пайызынан асатын болса

Анықтау мақсатымен тендер өткізу:

- Жобалау институты
- Жабдық әкелуші
- Құрыс мекемесі

Тендер бойынша жеңіске жеткен мекемелермен келісімшартқа тұру.

4) болашақтағы міндеттемелер

Эмитенттің негізгі міндеттемесі «Солтүстік Қазақстан – Ақтөбе облысы» электр беру желісін салу жөніндегі жобаны іске асырумен байланысты.

ҚР Үкіметінің 2005ж.09.12 № 1218 қаулысына сәйкес Эмитенттің облигациялары объектіні салу және пайдалану туралы Концессиялық келісім шеңберіндегі мемлекеттік кепілгерлікпен қамтамасыз етілген.

Жоғарыда көрсетілген 2006 жылғы 09 желтоқсандағы № 2ДП-002 Концессиялық келісім шеңберіндегі Кепілгерлік шартына сәйкес Кепілгер мемлекетке берілетін объектінің тиісті құны мен 15 692 710 000 (Он бес миллиард алты жүз тоқсан екі миллион жеті жүз он мың) теңгеден аспайтын сомада, сондай-ақ объектіні салу кезеңіне арнап орнастырылған облигацияларға есептелген сыйақы (мүдде) сомасындағы Эмитенттің міндеттемелерін орындағаны үшін субсидиарлық жауаптылықта болады.

5) эмитенттің сот процестеріне қатысуы туралы мәлімет

Осы проспектінің датасына Қоғам сот процестеріне қатысқан жоқ және қатыспайды, соның нәтижелері бойынша Қоғамның қызметін тоқтату немесе шектеу қою, оған ақшалай айып салу және өзге міндеттемелер жүргізілуі мүмкін.

6) соңғы жылдың ішінде мемлекеттік уәкілеттік органдардың және/немесе соттың эмитент пен оның лауазымды адамдарына салған барлық әкімшілік жазалаулары туралы мәлімет

Осы проспектінің датасына Қоғам мен оның лауазымды адамдарына мемлекеттік уәкілетті органдар және/немесе сот соңғы жылдың ішінде әкімшілік жазалаулар қолданған жоқ.

7) Тәуекел ету факторлары

- *Дағдарысқа байланысты тәуекелдер*
Жоғары дағдарыс кезіндегі тәуекелде айналым капиталына немесе негізгі құралдарды сатып алуға салынған салымнан инвесторлардың алатын табысы өсе түскеннен гөрі тез құнсызданады және инвестордың нақты шығындары болады. Қазақстанда ҚРҰБ-нің дағдарыстық таргеттеу саясатына бейімделуіне байланысты экономика дамуының негізгі көрсеткіштерінің бірінің дағдарыс деңгейі болған кезде алдағы жылдары дағдарыс деңгейінің төмендейтінін немесе оның өсуінің тоқтатылатынын болжауға болады.
- *Құнсыздануға (валюталық тәуекел) байланысты тәуекел*
Шетел валюталарын ауыстыру бағамының тәуекелі Қоғамның негізгі құралдарды, материалдық активтер мен басқа активтерді шетел валютасында сатып алған жағдайда туындайды. Осы тәуекелді төмендету үшін Қоғам шарттарды, оның ішінде кредиттік шарттарды жасасу кезінде валюталық бағамды бекіту үшін «Валюталық келісім» тармағын және басқа тармақтарды енгізуді жорамалдайды.
- *Банктік пайыздардың ставкасына байланысты тәуекел* қайта қаржыландырылатын ставкалар өзгерген жағдайда туындайды. Сондықтан компанияны негізінен қаржыландыру борыштық бағалы қағаздарды шығару есебінен жүзеге асырылатын болады, онда қайта қаржыландыру ставкасының өсуі борыштық бағалы қағаздардың купондық сыйақысы ставкаларының өсуіне алып келуі мүмкін.
- *Заңнамалық және реттеуші тәуекелдер.* Тәуекелдердің осы санаты Қазақстан Республикасындағы заңнамалық және нормативтік базасының, атап айтқанда, энергетика, табиғи монополия, сондай-ақ салық заңнамасы мәселелерін реттеуші заңнамалық актілердің өзгеру мүмкіндігіне байланысты.
- *Саяси тәуекелдер.*
Қалыптасқан заңнамалық жүйе осы салада айтарлықтай тәуекелдерді жорамалдамайды. Экономиканы дамытудың басым бағытының мәртебесі ескеріле отырып, электр энергетикалық саласы қорғалған заңнамалық салада орын алған;
- *Бағалы қағаздардың ұйымдастырылған нарығында немесе биржадан тыс нарықта облигациялардың бағасына, сондай-ақ қоғамның облигацияларының құнына әсерін тигізетін нарықта өнімдер құнының өзгеруіне әсерін тигізетін тәуекелдер:*
 - Облигациялар және олар бойынша сыйақыларды өтеу жөніндегі міндеттемелердің орындалмауы.
Осы тәуекелді төмендету үшін концессиялық келісім жобасы облигациялық займ жөнінде Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі тұлғасында мемлекеттік кепілгерлікті көздейді.
 - Инвестициялық бюджет шеңберінен шығу.
Осы тәуекел ірі көлемдегі құрылыс жұмыстарын орындауды түсіндіре алатын жобалардың көпшілігіне тән. «Артық шығыстың» негізгі тәуекелі құрылыс-монтаж жұмыстарын орындау кезінде туындайды. Бұл ТЭН-мен көзделмеген құрылыстың жаңа шарттарының туындау мүмкіндігіне байланысты. Осындай бас тартулар қосымша жұмыс көлемін жүргізуді және қосымша материалдық шығындарды талап етеді. Қаралып отырған жоба шеңберінде осы тәуекел сөзсіз бар, бірақ жобаны сауатты басқарумен оны азайтуға болады.
 - Жобаның уақытша шеңберінен шығу
Инфрақұрылымдық жобаларды іске асыру тәжірибесі көрсеткеніндей, жобалау жұмыстарының кестесін бұзу ірі көлемдегі құрылыс жобалары үшін кәдімгі жәйіт болып табылады және жоғарыда қаралған тәуекелмен тығыз байланысты. Жоба мерзімдерін бұзу компания-оператордың табыс түсімдерінің кешігуіне алып келеді, бұл жобаның пайдалылығы мен қаржылық тұрақтылығын төмендетеді,

сондай-ақ кредиторлар мен басқа инвесторлар алдындағы міндеттемелердің орындалмауына алып келеді.

Қаралып отырған жоба шеңберінде осы тәуекел бар, бірақ әрбір жобалау кезеңіндегі жұмыстардың орындалуына үнемі бақылау жасау оны азайтуға немесе одан құтылуға мүмкіндік береді;

- Тиімсіз тариф түзілімінің тәуекелі
Қаралып отырған жоба шеңберінде осы тәуекел сөзсіз бар, бірақ ресейлік электр энергиясы бағасының жоғары деңгейін (бүгінде Ақтөбе облысы – ресейлік электр энергиясының акцепторлық аймағы) ескере отырып, оның болу ықтималдылығы шамалы болады, сондай-ақ электр энергиясын беру табиғи монополия саласына жатады және тиісінше қызметтің реттелетін түрі болып табылады.
- Ең төменгі көлемдегі электр энергиясын берудің тәуекелі
Ақтөбе облысында электр энергиясына тұрақты өсіп келе жатқан сұраныс кезінде және «KEGOC» тарабынан жобаны қолдап отырған кезде, сондай-ақ жобаның техникалық-экономикалық негіздемесінде аймақтағы электр қуаты тапшылығының оптимистік және пессимистік нұсқалары қаралғандығын ескере отырып және бұл ретте жоба жеткілікті түрде тиімді болып қалады, тәуекелділігі шамалы деп нық айтуға болады.

5. ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАЙ-КҮЙІ

30. Материалдық емес активтер

№	Статья атауы	баланстық құны (мың тг)	Материалдық емес активтердің жалпы құнындағы үлесі (%)
1	Басқадай материалдық емес активтер (интеллектуалды меншік)	59 000,0	99,89

31. Негізгі құралдар

№	Статья атауы	баланстық құны (мың тг)	Негізгі құралдардың жалпы құнындағы үлесі (%)
1	Мәшина мен жабдықтар (электр беру желілерін салу мен монтаждау үшін тарту және тежеу жабдықтары (Тесмес, Италия)	150 000,0	99

32. Инвестициялар

Осы проспектінің датасына Қоғамның инвестициялық қызметі жүзеге асырылған жоқ.

33. Дебиторлық берешек

Дебиторлық берешегі жоқ.

34. Проспектінің датасына облигацияларды шығарудың жай-күйі бойынша эмитенттің жарғылық және жеке капиталы туралы мәліметтер.

Қоғамның жарғылық капиталы – 300.000.000,00 (Үш жүз миллион) теңге.
Қоғамның жеке капиталы – 300.000.000,00 (Үш жүз миллион) теңге.

35. Несиелер

Осы проспектінің датасына жай-күйі бойынша Қоғамда қолданыстағы банктік несиелер жоқ.

36. Кредиторлық берешек

Кредиторлық берешегі жоқ.

6. БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАРДЫ ШЫҒАРУ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТ

37. Тіркелген бағалы қағаздарды шығару туралы мәлімет

- 1) Қоғам бұрын облигациялар шығарған жоқ.
- 2) Акцияларды шығару туралы мәлімет:
 - Жария етілген акциялардың саны: 30 000 дана.
 - Акциялардың түрлері: жай акциялар. Артықшылығы бар акциялар шығарылған жоқ.
 - Құрылтайшылар төлеген бір жай акцияның номиналдық құны: 10.000 (Он мың) теңге.
 - Жай акцияларды орналастыру кезінде тартылған ақшаның жалпы сомасы: 300.000.000,00 (Үш жүз миллион) теңге.
 - Айналыстағы жай акциялардың саны: 30 000 дана.
 - Сатып алынған акциялардың саны: жоқ.
 - Акцияларды мемлекеттік тіркеуді жүзеге асырған орган: Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі.
 - Акцияларды шығарудың мемлекеттік тіркелу нөмірі: № KZ1C53510018
 - Акцияларды шығарудың мемлекеттік тіркелген датасы: 2005ж.23 желтоқсан.
- 3) Қоғамның бағалы қағаздарды ұстаушылардың алдындағы өздерінің міндеттемелерін орындамаған фактілері болған жоқ.
- 4) Қоғамның бағалы қағаздарын шығаруды тоқтату немесе болмаған деп тану немесе күшін жою фактілері болған жоқ.
- 5) Қоғамның акциялары бойынша дивидендтер төленген жоқ. Қоғам жаңадан құрылған болып табылады. Қоғамның негізгі операциялық қызметі осы проспектінің датасына облигациялар шығаруды жүзеге асырған жоқ.
- 6) Қоғамның сауда бағалы қағаздары жүзеге асырылған жоқ.
- 7) Қоғам акционерлерінің Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құқығы бар.
- 8) Эмитент бұрын бағалы қағаздар шығарған жоқ.

7. ОБЛИГАЦИЯЛАРДЫ ШЫҒАРУ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТ

38. Облигациялар туралы мәлімет:

1) Облигациялар түрі	Атаулы купондық инфрақұрылымды, құжатталмаған
2) Шығарылатын облигациялардың саны Облигациялардың жалпы шығарылым көлемі	188 300 000 дана 18.830.000.000 теңге
3) Бір облигацияның атаулы құны	100 теңге
4) Облигациялар бойынша сыйақы	<p>Купондық сыйақыны есептеу облигациялар айналысының басталу датасынан кейінгі келесі күннен бастап жүргізіледі.</p> <p>Купондық сыйақыны төлеу дүркіндігі – жылына бір рет.</p> <p>Купондық сыйақының ставкалары – инфляция деңгейіне тәуелді және бір рет жылына қайта қарастырылады және формула бойынша анықталады:</p> $r = i + m,$ <p>r – купондық сыйақының ставка</p> <p>i – инфляция деңгейі тұтұну бағасы индексінің жоғарылауы/төмендеуі сияқты есептеледі, ол келесі купондық сыйақыны төлеуінің датасына дейінгі 2 ай алдындағы 12 айға бойынша ҚР Статистика Министрлігі жәрияналады.</p> <p>Инфляция деңгейі бірінші купондық сыйақының бірінші ставкасына 01.12.2005 жағдайы бойынша алынды.</p> <p>m – маржа 0,5% көлемінде толық айналыс мерзіміне бекітілді.</p> <p>Келесі жыл айналымына бекітілген купондық сыйақы келесі купондық мерзімінің басталған датасынан бастап қолданылады. Келесі купондық мерзімінің 10 жұмыс күні қалғанға дейін Қоғам "Қазақстандық қор биржасы" АҚ арқылы облигация ұстаушыларға туралы ақпарат береді.</p> <p>Облигациялар бойынша купондық сыйақыны төлеу 360/30 (жылына 360 күн/айына 30 күн) уақытша база есебінен жылына бір рет, тиісінше әрбір он екі айдан соң, облигациялар айналысының басталу датасынан бастап жыл сайын облигациялардың өтелу мерзіміне дейін жүргізіледі.</p> <p>Купондық сыйақыны төлеу облигацияларды ұстаушылардың ағымдық шоттарына 20 күнтізбелік күн ішінде купондық сыйақыны төлеу датасынан кейінгі келесі күннен бастап ақшаны аудару жолымен жүргізіледі.</p> <p>Облигацияларды ұстаушылардың реестрінде тіркелген, сол үшін осы</p>

	<p>төлемақыларды жүзеге асыратын (уақыт бойынша бағалы қағаздарды ұстаушылар реестрлерінің жүйесін жүргізуді жүзеге асыратын тіркеушінің орналасқан жерінде) тұлғалар купондық сыйақыны алу құқысына ие болады.</p> <p>Егер де Қазақстан Республикасының бейрезиденті инвестор болып табылса, төлемақы шетел валютасымен жүргізіледі. Шетел валютасымен төлемақы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі нақты төлеу датасына белгілегеніндей теңгенің шетел валютасына ресми бағасы бойынша жүргізіледі. Теңгедегі соманы шетел валютасына айырбастау инвестор есебінен жүргізіледі.</p> <p>Купондық сыйақыны төлеу төлем агенті арқылы жүргізіледі.</p>
<p>5)Облигациялардың айналысы және өтеуі туралы мәлімет</p> <p>Мерзімінен бұрын өтеу</p>	<p>Айналыс мерзімі облигациялардың айналысы басталған датасынан бастап 13 жыл.</p> <p>Облигациялар айналысының басталу датасы облигациялардың уәкілетті органдағы осы шығарылымын мемлекеттік тіркеу датасынан алғанда 14-ші (он төрт) күнтізбелік күнінен басталады.</p> <p>Облигациялар төлемақы жүзеге асырылған кезеңдегі соңғы күннің басталуына арналған жай-күйі бойынша облигацияларды ұстаушылардың реестрінде тіркелген облигацияларды ұстаушылардың ағымдық шоттарына айналыс кезеңінің аяқталған датасынан кейінгі келесі күннен бастап 20 күнтізбелік күн ішінде ақшаны аудару жолымен соңғы купондық сыйақыны бір мезгілде төлеумен бірге облигациялардың атаулы құны бойынша өтелінеді.</p> <p>Егер де Қазақстан Республикасының бейрезиденті инвестор болып табылса, төлемақы шетел валютасымен жүргізіледі. Шетел валютасымен төлемақы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі нақты төлеу датасына белгілегеніндей теңгенің шетел валютасына ресми бағасы бойынша жүргізіледі. Теңгедегі соманы шетел валютасына айырбастау инвестор есебінен жүргізіледі.</p> <p>Облигацияларды мерзімінен бұрын өтеу мына мекен-жай бойынша жүзеге асырылады: «Банк ТұранӘлем» АҚ (050051, Алматы қ., Самал-2 шағын ауд., Жолдасбеков көш., 97); тел. 500-111, 500-222.</p> <p>Облигацияларды мерзімінен бұрын өтеу көзделмеген.</p> <p>Эмитент 6-шы (алтыншы) айналыс жылынан бастап облигациялардың осы шығарылымын мерзімінен бұрын ішінара өтеу құқығына ие болады.</p> <p>Облигацияларды мерзімінен бұрын өтеу егер де өзгесі Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерімен белгіленбесе, Эмитенттің Уәкілетті органының шешімі бойынша жүргізіледі. Облигацияларды ұстаушыларға облигацияларды мерзімінен бұрын өтеу туралы хабарлау "Қазақстандық қор биржасы" АҚ арқылы облигацияларды мерзімінен бұрын өтеу датасынан кемінде 14 (он төрт) күнтізбелік күн бұрын жүргізіледі.</p> <p>Облигацияларды мерзімінен бұрын ішінара өтеу тиісті купондық кезеңде облигацияларды нақты иелену уақыты ішіндегі купондық сыйақыны төлеу және Қоғамның Уәкілетті органы белгілеген купондық сыйақы мен сыйлақыны ескермей нарықтық баға жолымен жүргізіледі.</p> <p>Ұсыныстар көлемі өтінген көлемнен асып кеткен жағдайда</p>

	<p>облигацияларды мерзімінен бұрын өтеу облигацияларды ұстаушылардың өтінімдерінде көрсетілген облигациялар санына үйлесімді теңдей шартпен жүргізіледі. Облигацияларды ұстаушылардан өтінімдерді қанағаттандыру Қоғам өтінген бір облигацияның көлемі мен құны бойынша жүзеге асырылады.</p> <p>Облигацияларды мерзімінен бұрын өтеу облигацияларды ұстаушылар реестрінде тіркеуші тіркеген мерзімінен бұрын өтелетін облигацияларды ұстаушылардың ағымдық шоттарына мерзімінен бұрын өтеу датасының басталу күніне арналған ахуал бойынша мерзімінен бұрын өтеу аяқталған датасынан кейінгі келесі күннен бастап 20 күнтізбелік күн ішінде ақшаны аудару жолымен жүзеге асырылады. Егер де Қазақстан Республикасының бейрезиденті инвестор болып табылса, төлемақы шетел валютасымен жүргізіледі. Шетел валютасымен төлемақы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі нақты төлеу датасына белгілегеніндей теңгенің шетел валютасына ресми бағасы бойынша жүргізіледі. Теңгедегі соманы шетел валютасына айырбастау инвестор есебінен жүргізіледі.</p> <p>Облигацияларды мерзімінен бұрын өтеу мына мекен-жай бойынша жүзеге асырылады: «Банк ТұранӘлем» АҚ (050051, Алматы қ., Самал-2 шағын ауд., Жолдасбеков көш., 97); байланыс тел. 500-111, 500-222</p>
6) Облигацияларды ұстаушылардың	<p>купондық сыйақы төлеу датасына бастап облигацияларды ұстаушылар купондық сыйақы алуға құқығы бар және облигацияның өтеу датасы басталысымен бекітілген уақыт мерзімі аралығына негізгі қарыз сомасын алуға құқығы бар.</p> <p>Басқа құқықтары ҚР заңнамаларын сәйкес алынған.</p>
7) Дефолт жағдайлары	<p>Облигация бойынша дефолт купондық сыйақыны және/немесе купондық сыйақының төленген күнінен кейінгі келесі күннен бастап, 20 күнтізбелік күн өткеннен кейінгі номиналдық бағасын төлемеу немесе толық төлемеу және/немесе облигациялар айналымы мерзімінің аяқталуы.</p> <p>Облигациялар бойынша купондық сыйақы және облигациялардың номиналды бағасы Қоғамның кінәсімен төленбеген, сонымен қатар толықтай төленбеген жағдайда, Қоғам облигациялар ұстаушыларына негізгі міндеттемелер сомасын (купондық сыйақыны және/немесе номиналдық сомасын) және әрбір мерзімі өткен күн пенясын төлеуге міндетті. Мерзімі өткен күн Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қайта қаржыландырудың ресми ставкасы негізінде ақшалай міндеттемелерді немесе оның тиісті бөлігін орындау күніне есептеледі.</p>
8) Опциондар туралы ақпарат	Осы шығарылым облигациялары бойынша опциондар қарастырылмаған

39. Айырбасталымдық облигацияларды шығару көзделмеген.

40. Облигацияларды орналастыру тәсілі:

1) Орналастыру мерзімі	Облигациялар барлық айналыс мерзімі ішінде жазылуды, аукционды
------------------------	--

мен тәртібі	немесе "Қазақстандық қор биржасы" АҚ-да оның ішкі ережелеріне сәйкес мамандандырылған сауда-саттықты жүргізу жолымен орналастырылады.
2) Айырбасталатын облигациялар	Осы шығарылым облигациялары айырбастырылмайды
3) Облигацияларды төлеу шарттары мен тәртібі	Облигациялар жазылуды, аукционды немесе "Қазақстандық қор биржасы" АҚ-да оның ішкі ережелеріне сәйкес мамандандырылған сауда-саттықты жүргізген кезде сатып алу-сату шартының талаптарына сәйкес ақшаны аудару жолымен қолма-қол емес нысанда төленеді
4) Облигациялар бойынша қамтамасыз ету	<p>Эмитент Объектінің құрылысы аяқталған бойда кепілдік қамсыздандыру ретінде жыл сайынғы купондық сыйақыны төлеу үшін активтерді (Эмитенттің Уәкілетті органы айқындайтын) облигациялардың айналыс кезеңіне облигациялар бойынша жылдық купондық сыйақы сомасынан 120 (жүз жиырма) пайызға сәйкес мөлшерде тапсыруға міндеттенеді. Егер де материалдық активтер кепілдік қамтамасыз ету болып табылса, онда олардың құнын тәуелсіз бағалаушы айқындайды және сақтандыруға жатады.</p> <p>Кепіл ұстаушы ретінде «АСҚ Банк» АҚ бас көтереді.</p> <p>Эмитент өзіне кепілдік қамсыздандыруды басқа активтермен алмастыру құқығын қалдырады.</p> <p>Мемлекетке тапсырылатын объектінің тиісті құнының сомасында мемлекет пен эмитент арасында жасасқан инфрақұрылымдық жобаны іске асыру жөніндегі концессиялық келісім шеңберінде мемлекеттің кепілгерлігімен эмитенттің міндеттемелерін орындау қамтамасыз етілді.</p> <p>Кепілгерлік шартына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі осы инфрақұрылымдық облигациялар бойынша кепілгер болып табылады.</p> <p>«АСҚ Банк» АҚ облигацияларды ұстаушылар өкілі болып табылады.</p> <p>«АСҚ Банк» АҚ Басқармасының төрағасы – Исатаев Темір Ризабекұлы</p> <p>«АСҚ Банк» АҚ Басқармасының мүшелері – Бейсенғалиев Берік Тұрсынбекұлы, Сейітбеков Айдар Лесбекұлы, Синдонис Ирина Васильевна, Әбдіхалықов Талғат Серікұлы, Шайдаров Надим Зейноллаұлы, Рахманов Қайрат Асылханұлы, Қосақов Нұрлан Атабекұлы, Дервянко Аида Михайловна</p>
5) Концессиялық шарт пен Кепілгерлік шарттың көшірмесі	Қоса тіркеледі
6) Облигациялар бойынша құқықтарды ескеру	<p>Облигацияларды ұстаушылар реестрін құруды, жүргізуді және сақтауды мына тіркеуші жүзеге асырады:</p> <p>"РЕЕСТР-СЕРВИС" АҚ (Алматы қ., Розыбакиев көш., 125/7) (2005 жылғы 20 маусымдағы № 0406200402 лицензия), 13.01.2006 № 13/01 – 1.06 Шарт</p>
7) Облигацияларды орналастыруға қатысатын ұйымдар туралы мәлімет	«АСҚ Банк» АҚ (Алматы қ., Фурманов көш., 100) қаржылық кеңесші болып табылады, байланыс тел.: 583-111 (Кастодиалдық қызметтеу және капиталмен операциялар басқармасы)
8) Облигациялардың	Қоғам облигацияларды орналастыру мен айналдыруды басылымдарға

бағалы қағаздардың ұйымдастырылған нарығында орналастырылуы және/немесе айналымы	жазылу, аукцион өткізу жолымен немесе «Қазақстандық қор биржасы» АҚ-да оның ішкі ережелеріне сәйкес арнайы сауда-саттық өткізуді ойластырады. Облигацияларды уәкілетті органда тіркеуден өткізгеннен соң, оларды «А» листингіне енгізу және сауда-саттық ұйымдастырушыларымен тиісті шарттар жасау жоспарланып отыр.
9) Төлем агенті туралы мәлімет	«Банк ТұранӘлем» АҚ (050051, Алматы қ., Самал-2 шағын ауд., Жолдасбеков көш., 97) төлем агенті болып табылады; тел. 500-111, 500-222 (Кастодиалдық қызмет көрсету бөлімі)

41. Облигацияларды орналастырудан алынған ақшаны пайдалану

Осы шығарылымның облигацияларын орналастырудан алынған қаражат Солтүстік Қазақстан мен Ақтөбе облысын жалғастыратын өңіраралық электр жеткізу желісінің құрылысына жұмсалады.

8. ҚОСЫМША АҚПАРАТ

42. Айналыстағы облигацияларды шектеу

Айналыстағы облигацияларды шектеу осы шығарылымда жоқ. Облигациялар саны шектелмеген инвесторлар арасында ашық тәсілмен орналастырылады.

43. Облигацияларды шығаруға арналған шығындар сомасы

Облигацияларды шығару жөніндегі шығыстар:

- «РЕЕСТР-СЕРВИС» АҚ тәуелсіз тіркеушінің қызметіне ақы төлеу – 78 АЕК (80 340 теңге);
- «АСҚ Банк» АҚ қаржылық консультатының қызметіне ақы төлеу – 5 400 000 теңге;
- «АСҚ Банк» АҚ облигацияларын ұстаушы өкілдің қызметіне ақы төлеу – 92 000 теңге/айына;
- «Банк ТуранАлем» АҚ төлем агентінің қызметіне ақы төлеу – 70 000 теңге/жылына.

44. Эмитент жарғысының көшірмелерімен, облигацияларды шығару проспектісімен, облигацияларды орналастыру қорытындылары туралы есеппен және эмитенттің қызметі туралы ақпаратты жариялау үшін пайдаланылған бұқаралық ақпарат құралдарымен инвесторлар таныса алатын орындар туралы ақпарат

Инвесторлар үшін ақпарат мына мекен-жай бойынша берілуі мүмкін: Қазақстан Республикасы, Алматы қ., 22-линия көш., 45 үй, тел: (3272) 63-90-93, 63-90-94.

Өзінің қызметі туралы ақпараттар жариялау үшін Қоғам пайдаланған бұқаралық ақпарат құралдары «Егемен Қазақстан» және «Экспресс К» болып табылады.

Басқарма төрағасы

_____ **Ысқақов А. К.**

Бас бухгалтер

_____ **Септенова Д. А.**

М.О.